

халқына аянбай қызмет еткен еңбегі келер ұрпаққа өшпес із қалдырып өзінің туған жерін бағалап оны құрметтеп және қорғап өтуі міндетті деп санаймын. Осындай табиғаты көз тартарлық және әлі де құпияға толы өлкеде туған батыр мәңгілік ел есінде қала бермек. Алматы төңірегінде батыр есімімен аталатын жер-су аттары осы өлкеде туып өскен әрбір ұрпақтың мақтанышы бола бермек. Батырдың осындай өлкеде туылғаны үшін біз өзіміздің туған өлкеміздегі есімі асқақ және аты ешқашан ұмытылмас батырларымыз бен тұлғаларымыз арқылы өлкемізді жақсы тани білеміз және оны келешек ұрпаққа мұра етіп қалдырамыз деген сенімдеміз. Бұл табиғат пен батыр ескерткіші менің туған өлкемде орналасқан. Осы өлкеде туып өсу мен үшін үлкен мақтаныш және абыройлы болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Карпык А.Х Батыр Райымбека // Импрам, достойный ханов... – Алматы: Агентство «Аль-Халел», 1995. – 344 с..
2. Свод памятников истории и культуры г. Алматы. – Алматы: ТОО «Казахская энциклопедия», 2006. – 360 с.
3. Райымбек батыр кесенесі // Қазақстанның киелі орындарының географиясы: Табиғат, археология, этнография және діни сәулет өнері нысандарының тізілімі. – Алматы, 2017.
4. Энциклопедия «Алма-Ата». – Алма-Ата: Главная редакция казахской советской энциклопедии, 1983. – 608 с.
5. Муканова Ж. Мавзолей Райымбек батыра в Алматы // Сакральный Казахстан. – Астана, 2017.
6. Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым / Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы: «Алматы кітап» баспасы, 2009

Қазақ жеріндегі тарихи ескерткіш – Айша бибі кесенесі

Берікалиев Ж.Т.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.д., профессор А.Б. Қалыш
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Тасын түртсең тарихтан сыр шертетін Тараз жерінде керемет киелі жерлер мен кесенелер көп. Олардың барлығы да көне заманның бүгінгі куәгеріндей күмбездерін күнге сүйгізіп, аймақтың атын шығарып, асқақтап тұр. Өңірге туристер тартудың кілті де осы әулиелі жерлерге байланысты. Аймақтың алтын кілті іспеттес Айша бибі кесенесіне келіп, тәу етушілер көп. XII ғасырдағы сәулет өнерінің көрнекті ескерткіші ЮНЕСКО тізіміне алынған.

Зерттеу нысаны: Айша бибі кесенесі; зерттеу пәні: тарихи – ескерткіштер.

Мақсаты: Айша бибі кесенесінің тарихи ескерткіш ретінде маңызын айқындап көрсету; міндеттері: 1) Айша бибі кесенесінің ерекшелігін анықтау; 2) Бабаджа хатун ескерткішінің ерекшелігін көрсету.

Айша бибі кесенесі – XI-XII ғасырлардағы сәулет өнерінің көрнекті ескерткіші. Киелі Әулиетата жері Жамбыл ауданында Айша бибі ауылында орналасқан. Сырты керамикалық плиталармен қаланып, ойып жасалған өрнектің сән-салтанаты мен сан түрлілігі жағынан Қазақстандағы басқа мемориалдық-дәстүрлік ескерткіштер ішінде оған тең келетіні жоқ. Ескерткішті қалаған кірпіштердің әртүрлілігінің өзі таң қалдырады. Оның алғашқы қалпы біздің уақытымызға дейін тек батыс қабырғасында сақталған [1, 45 б.].

Тараз қаласынан 18 км қашықтықта басқа да діни ескерткіш орналасқан. (XI- XIIғғ.) Қазіргі кезде ол кесене ЮНЕСКО қатарына алынған. Кесене құрылысын 1897 жылы В.А. Каллаур, 1938 — 39 жылы А.Н. Бернштам бастаған КСРО ҒА Қазақ филиалының тарих және

материалдық мәдениет экспедициясы, 1953 жылы Қазақстан ҒА-ның экспедициясы зерттеген.

Тарихи ескерткішке қатысты аңыз әңгімелер

Аңыз бойынша Айша бибі асқан сұлулығымен қатар ақылдылығымен де елге есімі жайылған ару болған деседі. Ол әйгілі шығыс ақылшысы Зеңгі бабаның қызы болып келеді. Сұлу Айша мен батыр Қарахан арасындағы шексіз махаббат та осы күнге аңыз бойынша жеткен. Айша бибінің кім екені жөнінде ғасырлар сорабынан жеткен аңыз болмаса, тарихи деректер жоқтың қасы. Бүгінде Айша-бибі кесенесі – бір шаранаға зар болып жүргендердің тәу етіп келетін қасиетті жеріне айналған.

Кезінде Әулиеата уезінің бастығы болған В. Каллаур Айша бибі мен Қарахан арасындағы шексіз махаббат туралы ел арасындағы аңыздың бірнеше нұсқасын жинаған көрінеді. Сондай-ақ, археология үйірмесінің мүшесі В. Панков: «Айша бибі кесенесінің төрт бұрышында жуан бағаналары бар. Әр фасадының ортасында жоғары және сүйірлеу аркамен бітетін кішірек қуыстар бар. Барлық қабырғалары мен бағаналарының беті тұтастай ұш тақталармен қапталып шыққан. Кесененің ішкі беті кірпіштен, сыртқы беті күйдірілген құйма балшықтан қаланған. Кірпіш пен құйма тастардың арасынан әк қосылған балшықпен жымдастырып, арша ағашымен ұстатылған. Мұндай әдістің жер сілкінгенде қабырғалардың құламай сақталып бүгінге дейін жетуінің айғағы осы» деп жазып қалдырған [2, с. 155].

Ескерткішке жүргізілген қайта қалпына келтіру жұмыстары

Мазар сырты ерекше қапталған, оны тек Бұхарадағы Исмаил Самани мазарымен ғана салыстыруға болады. Айша бибі кесенесі Орталық Азиядағы плита түрінде қапталған оюға толы толығымен кесілген терракотамен безендірілген. Кесене безендіруінде бай және әр түрлі геометриялық фигураларымен апталған. Тізбектер терракотамен қапталған жіңішке суреттермен қазақ оюлармен безендірілген. Айша-бибі кесенесі көне орталық-азия түріктер халқының ою-өрнектерінің бай мұражай-сақтаулылардың байлығы болып келеді. Қазіргі кезде бұл ескерткіштерден батыс қабырғасы, ал қалған қабырғалардан – аз ғана суреттер қалған. Пішіні шаршыланып біткен, ауданы 7,6 x 7,6 м, бұрыштар бағана-тіреулер арқылы көтерілген. Кесене ортасында құлпытас (3x1,4 м) орнатылған. Батыс жақ қабырға мен бағаналар оюлы ұсақ плиткалармен қапталған. Қабырғаның ортасында сүйір аркалы текше жасалған. Текше беттерінің қабырғаға ұласар тұсы шағын бағаналармен сәнделген. Бұл бағаналардың жоғарғы жағы көгеріс өрнекпен әшекейленген мығым блок болып келеді. Бұрыштағы бағаналар көгеріс өрнекті жұқа кірпішпен өрілген белдеу арқылы әсемделген. Айша бибі кесенесінің іргетасынан бастап есептегенде 3,4 м биіктікте бағаналарға араб әрпінде жазуы бар белдеу жүргізілген. Солардың біріндегі “күз, бұлттар, дөңгеленген дүние...” деген сөздер жазылған. Кесене қабырғалары (қалыңдығы 80 см) үш бөліктен: күйдірілген кірпішпен қаланған ішкі жағынан, оймыш әшекейлі плиталармен қапталған сыртқы жағынан, сонымен бірге саз балшықпен және жарамсыз плиткалардың сынықтарымен толтырылған қабырға ортасындағы кеңістіктен тұрады. Қабырғалар мен бағаналар беріктігін арттыру үшін қабырғаның ішкі жағына арша ағашынан арқалық қойылған. Кесене қабырғаларының сыртқы беті артқы жағындағы сыналарымен бекітілген оймыш ұсақ плиталар арқылы безендірілген. Ұсақ плиталардың шырмауық өрнегіне 60 түрлі әшекей қолданылған. Қашаумен үңгіп жасалған бұл оюлар бір-бірімен қиюласып, кесененің мақсатына лайық сәулеттік сипат, композициялық шешім тапқан. Кесене құрылысынан Темір дәуіріндегі сәулет өнерінде үлкен орын алған порталды-тақталы дәстүр айқын аңғарылады. Ол Қазақстандағы орта ғасырлық сәулет өнері жауқарларының бірі болып табылады. Ерте ғасырлардан жеткен кесенені Қарахан әулетінің төртінші ұрпағы Шаһ Махмұд Қарахан өзінің нақ сүйері Айшаның басына тұрғызған. Бұл ғажайып күмбездің сырына үңілген адам еріксіз өткен заманға шегініс жасайтыны анық. Жалпы, тарихи кесененің құрылысы жайлы нақты деректер жоқ. Бүкіл сырлы құпиясын әрбір тасына жасырған кесене жайлы ғасырлар бойы халық жадында жаттаған ақиқатқа белгісіз аңыздар қалған. Сондай-ақ, 30-ға жуық аңыздың арқауына айналған Айша туралы да тың мәліметтер тарихи еңбектерде кездеспейді. Әр аңыз өзінше ерекшеленеді. Бірақ, бәріне ортақ кейіпкер

көркіне көз тоймайтын көркем, қараған жанның қиялында бір от пайда болып, ғайыптан жүрегіне нұр құйылатын қаршадай ғана қыз – Айша [3, с. 63].

Айша Бибі туралы аңыздың 28 түрлі нұсқасы бар. Олардың бірі – Айша Бибінің өзінің күйеу жігіті Қараханға деген махаббаты жайлы айтылып жүрген аңыздар. Ең кең таралған аңыз бойынша, Айша XI ғасырдың әйгілі ғалымы және ақыны Хәкім Сүлейман Бақырғанидың қызы болған делінеді. Ол халық арасында Зеңгі баба деп аталып кеткен Ахмет Яссауидің шәкірті. Аңызға сүйенсек, Бақырғани қайтыс болғаннан кейін Айша Айтқожа Шейхтың тәрбиесінде болады. Және бойжеткен Айша ортағасырлық Тараз шаһарының әміршісі, жас Қарахан Мұхаммедке ғашық болған көрінеді.

Қабырғаның ортасында сүйір арқалы текше жасалған. Текше беттерінің қабырғаға ұласар тұсы шағын бағаналармен сәнделген. Бұл бағаналардың жоғарғы жағы көгеріс өрнекпен кшекейленген мығым блок болып келеді. Бұрыштағы бағаналар көгеріс өрнекті жұқа кірпішпен өрілген белдеу арқылы қсемделген.

Бабаджа хатун Айша бибінің күтушісі болған тарихи тұлға

Көпшілік Тараз тарихы жайында әңгіме өрбіткенде ондағы Айша бибі кесенесі жайында айтады. Алайда дәл осы кесененің қасында орналасқан әрі заманында Айша бибінің сенімді серігі болған Бабаджа хатунның кесенесі жайында көпшілік біле бермейді.

Тарихшылардың мәлімдеуінше іргетасы XI ғасырда қаланған Бабаджа Хатун кесенесі Айша бибі кесенесінің маңында орналасқан. Кесененің композициясы мен құрылысы өте қарапайым. Әрі ол күйдірілген кірпіштен салынған. Және кесененің қабырғаларынан ешқандай безендірулер де жүргізілмеген. Жалпы тарихта Бабаджа Хатунға және оның басына тұрғызылған кесенеге қатысты деректер өте аз. Өлкеге түрлі кезеңде әртүрлі археологиялық экспедициямен келген тарихшыл ғалымдар тарапынан да мұнда ешқандай қазба жұмыстары жүргізілмеген екен. Ғасыр тоғысынан бізге дейін нысанның қабырғасы мен шатыр жабуының бөліктері ғана аман сақталған. Кесенеге 1979 жылы қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген. Нысанның қабырғасына «наسخ» әдісімен жазылған мәтінде бұл кесененің Бабаджа Хатун қабірі екендігі жазылған. Мәтіннің жалғасы «Оны салушы» деп келгенімен автор жайындағы мәліметтер жоғалып кеткен. Сәулетші ғалымдар ескерткіш күмбезінің 16 қырлы конус жабынына айрықша назар аударады. Бұл Орта Азиядағы ерекше сәулеттік стиль саналады [4, 180-183 бб.].

Тақырыпты қорытындылай келсек, Айша бибі кесенесі республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізіліп, мемлекет қорғауына алынып, ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мәдени мұра тізіміне енгізілген. Айша бибі хикаясын зерттеген тараздық журналшы Б.Әбілдаев «Айша бибі» деген пьеса жазды.

Бүгінде бұл орындар облыс тұрғындары мен қонақтары жиі ат басын бұратын киелі орын саналады. Қашаумен үңгіп жасалған бұл оюлар бір-бірімен қиюласып, кесененің мақсатына лайық сәулеттік сипат, композициялық шешім тапқан. Кесене құрылысынан Темір дәуіріндегі сәулет өнерінде үлкен орын алған порталды-тақталы дқстүр айқын аңғарылады. “Қазақ жобалау-қалпына келтіру” институты Айша бибі кесенісін қалпына келтіру жұмысының жобасын жасап, Тараздағы шеберхана ескерткішті қалпына келтірді. Айша бибі кесенесі республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енгізіліп, мемлекет қорғауына алынған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия: Том I. – Алматы, 2004. – 755 б.
2. Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан . Жамбылская область. – Алматы, 2002. – 350 с.
3. Байпаков К.М., Воякин Д.А. Выдающиеся археологические памятники Казахстана. – Алматы, 2014. – 504 с.
4. Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандары. – Астана : Фолиант, 2017. – 496 б.